

Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларын, шитті мақтаның сапасы туралы куәліктің нысанын (үлгісін) және мақта талшығының сапасы паспортының нысанын (үлгісін) бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 маусымдағы № 868 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 қаңтардағы № 43 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.01.2016 № 43 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-5/280 бұйрығын қараңыз.

«Мақта саласын дамыту туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 6-бабының 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидалары;
- 2) шитті мақтаның сапасы туралы куәліктің нысаны (үлгісі);
- 3) мақта талшығының сапасы паспортының нысаны (үлгісі) бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 28 маусымдағы
№ 868 қаулысымен
бекітілген
К. Мәсімов

Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мақта саласын дамыту туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 6-бабының 9) тармақшасына сәйкес әзірленді және шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мақта өңдеу ұйымы - меншік құқығында мақта тазалау зауыты бар, мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі жөнінде қызметтер көрсететін заңды т ұ л ғ а ;

2) өтініш беруші – шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізуге өтінім берген жеке немесе заңды т ұ л ғ а ;

3) сынау – шитті мақтаның бір немесе бірнеше сипаттамаларын анықтаудан тұратын техникалық операция ;

4) шитті мақта партиясы – сапасы туралы бір ілеспе құжатпен ресімделген бір селекциялық және өндірістік сорттағы, түрдегі және сыныптағы шитті мақтаның с а н ы ;

5) шитті мақтаның сапасы туралы куәлік – шитті мақта сапасының нақты көрсеткіштерін және олардың стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттың талаптарына және (немесе) шарттың (келісімшарттың) талаптарына сәйкестігін к у ә л а н д ы р а т ы н құ ж а т ;

6) шитті мақтаның сапасына сараптама жасау - сынаманы іріктеу мен сынақтан өткізуді, шитті мақтаның сапасы туралы куәлікті ресімдеуді қамтитын шитті мақта сапасының нақты көрсеткіштерін анықтау мен растауға бағытталған ш а р а л а р к е ш е н і ;

7) шитті мақтаның сапасын сараптама жасау жөніндегі зертхана (орталық) – шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру құқығына Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласында аккредиттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі сынақ зертханасы (орталығы) (бұдан әрі – зертхана (орталық)).

3. Зертхана (орталық) жүзеге асыратын шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу жөніндегі жұмыс түрлері аккредиттеу жөніндегі орган берген

аккредиттеу аттестатымен расталады.

4. Шитті мақтаның сапасы туралы куәлік бір мекен-жайға, көлік құралының бір түрімен тиеп жөнелтілетін немесе бір уақытта сақтауға арналған шитті мақтаның әрбір біртекті партиясына беріледі.

2. Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру тәртібі

5. Шитті мақтаның сапасына сараптама жасау:

1) сынамалар іріктеуді;

2) сынақтар өткізуді;

3) шитті мақтаның сапасы туралы куәлік ресімдеуді қамтиды.

6. Шитті мақтаның сапасына сараптама жасау зертхана (орталық) мен өтініш беруші арасында жасалған шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі жұмысты жүргізуге арналған шарт негізінде жүргізіледі.

7. Өтініш беруші зертханаға (орталыққа) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізуге өтініш береді, ол тіркеледі және оны зертхана (орталық) меңгерушісі өтінім берілген сәттен бастап 24 сағат ішінде қарайды.

8. Зертхана (орталық) меңгерушісі шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу жөніндегі маманды (бұдан әрі – зертхана (орталық) маманы) айқындайды, оған тапсырма мен өтініштің көшірмесі беріледі.

9. Сынамаларды іріктеу Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы № 572 бұйрығымен бекітілген ҚР СТ РСТ Өз 643-2006 «Шитті мақта. Сынамаларды іріктеу әдістері» Қазақстан Республикасының ұлттық стандартына сәйкес өтінім тіркелген сәттен бастап 24 сағаттан аспайтын мерзімде жүргізіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

10. Сынамаларды іріктеуді зертхана (орталық) маманы өтініш берішінің немесе оның өкілінің және мақта өңдеу ұйымы өкілінің қатысуымен жүргізеді.

Сынамаларды іріктеу осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес сынамаларды іріктеу актімен ресімделеді. Сынамалар осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес № 1 нысандағы шитті мақта сынамаларын тіркеу журналына тіркеледі.

11. № 1 нысандағы шитті мақта сынамаларын тіркеу журналы нөмірленіп, зертхана (орталық) меңгерушісінің қолымен бекітіледі.

12. Шитті мақтаның іріктеп алынған сынамаларында тастар, қорапшалар немесе олардың қалқандары, жапырақтар түріндегі бөгде қоспалардың болуына

ж о л

б е р і л м е й д і .

Зиянкестермен және аурулармен (өсімдік биті, гоммоз, бактериялы-саңырауқұлақты ауру, «балтамшы») залалданған шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізуге жол берілмейді.

13. Сынақтар өтінімде көрсетілген сапа көрсеткіштері мен сынақ әдістері бойынша органолептикалық (шитті мақтаның сыртқы түрін стандарттық үлгілермен салыстыру жолымен) және инструменталдық бағалау арқылы зертханада (орталықта) жүргізіледі.

Сынақ нәтижелері бойынша сорт, түр, сынып, ластану және ылғал көрсеткіштері міндетті түрде айқындалады, шитті мақтаның өзге сапа көрсеткіштері өтініш берушінің талабы бойынша айқындалады.

Сынақ жүргізу мерзімдері зертхана (орталық) мен өтініш беруші арасында жасалған шартта ескеріледі.

14. Сынақтан өткен, полиэтилен пакетпен оралған және зертхана (орталық) маманы мөрлеген шитті мақта сынақтары зертханада (орталықта) мынадай мерзім ішінде :

1) тиеп жөнелтілген және сақтаулы партияларға – шитті мақтаның сапасы туралы куәліктің күші мерзімі ішінде;

2) сапа бойынша келіспеушіліктер болған жағдайда – келіспеушіліктерді қарау толығымен аяқталғанға дейін сақталады.

Сынақтан өткен шитті мақта сынақтары сөрелермен және қажет болса көтеру механизмдерімен жабдықталған, едендік төсемі бар үй-жайда сақталады. Сынақтарды сақтауға арналған үй-жайда сыз бен көгеру іздеріне жол берілмейді .

15. Сараптама нәтижелері алынғаннан кейін 24 сағат аспайтын мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысан бойынша шитті мақтаның сапасы туралы куәлік өтініш берушінің жеке өзіне немесе сенімхат бойынша оның өкіліне беріледі, көшірмесі зертханада (орталықта) қалады және бір жыл бойы сақталады .

16. Шитті мақтаның сапасы туралы куәлік түсінікті етіліп және түзетулерсіз тоқтырылады .

17. Шитті мақтаның сапасы туралы куәлік осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес № 2 нысандағы журналға тіркеледі.

18. Шитті мақтаның сапасы туралы куәліктің қолданылу мерзімін зертхана (орталық) белгілейді, бірақ ол күнтізбелік 30 күннен аспайды.

Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларына 1-қосымша

20__ жыл «__» _____

шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізуге №__ өтінім

Өтініш беруші _____

Мекенжайы _____

Телефон, факс _____

_____ мақта өңдеу ұйымында сақтаулы,
(а т а у ы)

_____ арналған,
(ма қ с а т ы к ө р с е т і л с і н)

салмағы _____ тонна
(ж а з б а ш а)

шитті мақта партиясының сапасына сараптама жүргізуді өтінемін.

Сынақтар мынадай сынақ көрсеткіштері мен әдістері бойынша жүргізіледі:

_____ (көрсеткіш атауы) (стандарттың нөмірі және күні) (норма)

Өтініш беруші _____
(қ о л ы) (Т . А . Ә .)

М.П.

Зертхана (орталық) маманы _____ орындауға жіберілді.
(Т . А . Ә .)

Орындалуы туралы белгі: _____

Шитті мақтаның сапасына сараптама
жүргізу және шитті мақтаның сапасы
туралы куәлік беру қағидаларына

2-қосымша

№ _____

сынамаларды іріктеу актісі 20__ жылғы «__» _____

Шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі жұмыстар жүргізуге зертхана (орталық) мен өтініш беруші арасында жасалған 20__ жылғы «__» _____ №__ шарт (келісімшарт) негізінде, мен, _____

_____ шитті мақтаның сапасына сараптама
(з е р т х а н а (о р т а л ы қ) а т а у ы)

жөніндегі жүргізу жөніндегі маманы _____
(Т . А . Ә .)

_____ қатысуымен
(өтініш берушінің, мақта өңдеу ұйымы өкілінің Т.А.Ә)

_____ қолданыстағы стандартқа сәйкес
(стандарттың № мен күні)
шитті мақтаның сынамаларын іріктеп алдым.

Шитті мақтаның тұрған жері _____
(мақта өңдеу ұйымының атауы)

Шитті мақта партиясының № _____
(ж а з б а ш а)

Партия салмағы _____ тонна
(ж а з б а ш а)

Іріктелген сынама саны _____ дана
(ж а з б а ш а)

Іріктелген сынама салмағы, кг _____
(жазбаша)

Сынамаларды іріктеу күні мен уақыты: 20_жыл «_» _ _сағ. __ мин.
Зертхана (орталық) маманы: _____

(қ о л ы) (Т . А . Ә .)

Мақта өңдеу ұйымының өкілі: _____
(қ о л ы) (Т . А . Ә .)

Өтініш беруші: _____
(қ о л ы) (Т . А . Ә .)

Шитті мақтаның сапасына сараптама
жүргізу және шитті мақтаның сапасы
туралы куәлік беру қағидаларына
3-қосымша
№ 1 нысан

Шитті мақта сынамаларын тіркеу журналы

Р/с №	Күні	Өтініш беруші	Сынамалар іріктеу жүргізілген мақта өңдеу ұйымының атауы	Партия салмағы, тонна	Сынамаларды іріктеу актісінің № мен күні	Сынаманы іріктеген маманның қолы
1	2	3	4	5	6	7

Шитті мақтаның сапасына сараптама
жүргізу және шитті мақтаның сапасы
туралы куәлік беру қағидаларына
4-қосымша
№ 2 нысан

Шитті мақтаның сапасы туралы куәліктерді тіркеу журналы

Р/с №	Куәліктің берілген күні және нөмірі	Шитті мақта иесі	Сынамалар іріктелген орын	Сынамаларды іріктеу актісінің № мен күні	Партия № мен салмағы	Сынаманы іріктеген маманның Т.А.б және қолы
1	2	3	4	5	6	7

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 8

м а у с ы м д а ғ ы

№

8 6 8

қ а у л ы с ы м е н

б е к і т і л г е н

Н ы с а н

(ү л г і)

Форма (образец)

МАҚТА ТАЛШЫҒЫ САПАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ № 0000001

ПАСПОРТ КАЧЕСТВА ХЛОПКА-ВОЛОКНА № 0000001

20__ жыл «__»__ «__»__ 20__ жылға дейін жарамды

«__»__ 20__ год Действителен до «__»__ 20__ года

Мақта өңдеу ұйымының атауы және орналасқан жері

Наименование и местонахождение хлопкоперерабатывающей организации

Ш ы ғ у

т е г і

П р о и с х о ж д е н и е

Мақта тазалау зауытының коды ____ Партия № ____ Бума № ____

Код хлопкоочистительного завода Партия № Кипа №

Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар

Нормативные документы по стандартизации

Селекциялық сорт _____ Түрі _____ Сорт _____ Сыныбы _____

Селекционный сорт Тип Сорт Класс

Штапель ұзындығы	1/32 дюйм	(Staple)	Микронейр	(Mic)
Штапельная длина в	1/32 дюйма	(Staple)	Микронейр	(Mic)
Шағылысу коэффициенті		(Rd)	Сарғаю мөлшері	(+b)
		%		
Коэффициент отражения		(Rd)	Степень желтизны	(+b)

Т р э ш	к о д ы	(Т)	Арамшөп	коспаларының	алаңы	(Area)		
Т р э ш	к о д	(Т)	Площадь	сорных	примесей	(Area)		
Қоқсықты	қоспалар	саны	(Cnt)	Жоғарғы	орташа	ұзындығы	(UHM)	
Число	сорных	примесей	(Cnt)	Верхняя	средняя	длина	(UHM)	
Ұзындығы	бойынша	біркелкілік	индексі	(Unf)	Қысқа	талшықтың	индексі	(SFI)
Индекс	равномерности	по	длине	(Unf)	Индекс	коротких	волокон	(SFI)
Үлестік	үзіліс	жүктелімі	(Str)	Үзілгендегі	созылу			(Elg)
Удельная	разрывная	нагрузка	(Str)	Удлинение	при	разрыве		(Elg)
Қоспалардың		болуы		Жабысқақтығының		болуы		
Наличие примесей				Наличие клейкости				

З е р т х а н а

м е н г е р у ш і с і

Заведующий лабораторией (центром)

МО

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 8

м а у с ы м д а ғ ы

№

8 6 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Н ы с а н

(ү л г і)

Форма (образец)

Шитті мақта іріктелген күн 20__ жылғы «__» _____ «__»__

_____ 20__ жылға _____ дейін _____ жарамды

Дата отбора проб хлопка-сырца «__» _____ 20__ год

Действителен до «__» _____ 20__ года

Шитті мақтаның сапасына сараптау жасау жөніндегі зертхананың атауы

Наименование лаборатории (центра) по экспертизе качества хлопка-сырца

Аккредиттеу аттестатының № және күні _____ Мекенжайы _____

№ и дата аттестата аккредитации

Адрес

ШИТТІ МАҚТАНЫҢ САПАСЫ ТУРАЛЫ КУӘЛІК № _____

УДОСТОВЕРЕНИЕ О КАЧЕСТВЕ ХЛОПКА-СЫРЦА № _____

20__ ж. «__» _____ сынамаларды іріктеу актімен қоса

сараптамаға берілген шитті мақтаның сынамасына _____

берілді

Выдано на пробу хлопка-сырца, представленную на экспертизу с актом отбора

проб № _____ от «____» _____ 20__ года _____

Шитті мақтаның сорты _ Егін жылы __ Партия № __ Жинау түрі__ Мақсаты_
Сорт хлопчатника Год урожая № партии Вид сбора Назначение

Өнеркәсіптік сорт _____	Арамшөп қоспаларының салмақ үлесі %
Промышленный сорт _____	Массовая доля сорных примесей
Түрі _____	Ылғалдың салмақ үлесі %
Тип _____	Массовое отношение влаги
Сыныбы _____	Б а с қ а л а р ы
Класс _____	Прочие

Зертхана меңгерушісі _____

Заведующий лабораторией (центром) МО